

**«А.Байтұрсынұлы атындағы ЖББМ» КММ**  
**кітапханасының 2022-2023 оқу жылындағы кітапхана жұмысына талдау.**

Мектеп кітапханасының маңызды міндеттерінің бірі-өскелең ұрпақты тәрбиелеуде мектепке көмектесу, терең білім алуға ұмтылу, балаларды үнемі көкжиегін кеңейтуге, өзін-өзі тәрбиелеуге, дұрыс кітап таңдауға және оқуға үйрету. Кітапханада ғылыми-көпшілік, анықтамалық, салалық және көркем әдебиет, мұғалімдерге арналған шағын әдістемелік әдебиеттер бар. 2023-2024 оқу жылына арналған оқулықтар мен оқу құралдарына жалпы мектептік қосымша тапсырыс қалыптастырылды. Барлық оқушылар кітапхана қорынан және айырбастау қорынан оқулықтармен қамтамасыз етілген. Сондай - ақ келесі жұмыстар жүргізілді:

- жаңа оқу басылымдарын қабылдау және техникалық өңдеу (2023 жылғы тамыз - қыркүйек);
- оқулықтарды қабылдау және беру ( 2023 жылғы маусым) ;
- мұғалімдер мен оқушыларды оқулықтар мен оқу құралдарының жаңа түсімдері туралы хабардар ету;
- оқулықтармен толықтыру жоспар бойынша өтті. Келіп түскен оқулықтар уақтылы есепке алынып, өңделді. Оқулықтарды қабылдау және беру кесте бойынша жүргізіледі. 2022-2023 оқу жылына арналған кітапхананың бір жылдық жұмыс жоспарын, «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру бойынша 2022-2023 жылғы жұмыс жоспарын бекітілді. Жыл басынан бері кітапханада келесі іс-шаралар өткізілді:

**БУККРОССИНГ** - «Өзің оқысаң, өзгеге табыс ет!» , кітапханада «кітап-қолдан қолға» акциясы , А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына байланысты «Ұлттың ұлы ұстазы» және «Тіл-достық көпірі» , С.Мәуленов 100 жыл толуына «Қазақ лирикасының классигі», М.Әуезов туғанына 125 жыл «Әлем таныған Әуезов» атты іс-шаралар,кітаптар көрмесін , «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Республикалық балалар оқулары» байқауының аудандық кезеңіне 6 оқушы қатыстырдым. Аудандық кезеңнен 5 оқушы орын алды. Бағдатұызы Нұрсұлу мен Төлеубек Қарақат 1 орындарды алып облыстық кезеңге өтті. Облыстық кезең Қарағанды қаласының № 2 оқушылар сарайында өтті. Оқушылар облыстық кезеңнен сертификаттар мен марапатталды.«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша “Кел,балалар ертегі оқиық” атты 1-сынып оқушыларына кітапханадан қалай кітап алу керектігі, кітапты қалай қолдану керектігі туралы ақпарат беріліп оқырман формуляры ашылды және бастауыш сыныптар мен ертегі кітаптар оқылды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Менің сүйікті кітаптарым» көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар өздеріне ұнайтын ертегі кітаптарын алып оқиды және одан бөлек «Байтақ елім Қазақстан» патриоттық көрмесін, «Ы.Жүнісханұлын еске алу» кешін , «Ақын М.Шаханов 80 жаста» атты іс-шараларын өткіздім. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша мектеп оқушыларына «Кітап рухани байлық» атты оқулықтарға рейд жүргізілді, ҚР Оқу-ағарту министрлігі және Республикалық ғылыми-

педагогикалық кітапханасы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 25 қазан - Республика күніне орай «Республикам менің» атты челленджін жариялаған. Челленджге қатысушы оқушылары 4«а» Байбазар Үміт, 4«а» Бейбіт Дінмұхаммед, 6«а» Аяуханқызы Назым, 7«а» Досымхан Наргиза, 7«а» Ханар Майра, 9«а» Бағдат Нұрсұлу алғыс хаттармен марапатталды. сайтында «Каникулда кітап оқимыз» марафонына қатысты.

Екінші тоқсан бойынша: 1) «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша кітапханашының ұйымдастыруымен «Жанды сөз» атты оқу жылдамдығы сайысына 4 «а», «б» сыныптары қатысты. 4 «а» сыныбынан 1 орын Өнерхан Тамерлан, 2 орын Адалбекқызы Аяулым, Жалғасбек Азамат, 3 орын Қазақстан Әділет, Төкей Орынбасар, Байбазар Үміт, 4 «б» сыныбынан 1 орын Фуникова Василиса, 2 орын Педаш Александр алды. Оқушылар дипломдармен марапатталды. 2) «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша Шерхан Мұртазаның туғанына 90 жыл толуына орай «Ұлт рухының жаршысы— Шерхан Мұртаза» атты 5«б» сыныбына ақпараттық сағат өткізді. 3) «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша 2 «а» сыныбына «Кітап-ақыл ойдың қазынасы» атты ақпараттық сағат өткізіп, оқушыларға кітап көрмесін таныстырды. 2 «а» сыныбымен бірге «Кітап бұрышын» жасады.

Мақсаты: Оқушыларды оқулықты құрметтей білуге, кітапты ұқыпты ұстауға баулу; Оқушыларға кітаптың пайдасы мол екенін түсіндіру. 4) «Менің сүйікті кітаптарым», «Моя любимая книга» атты кітаптар көрмесі өтті.

Мектеп оқушылары «Менің сүйікті кітаптарым» көрмесінен өздерінің сүйікті кітаптарын алып оқи алады. 5) «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Саутханқызы Айыммен бірге қысқа бейнебаянда көрсеткіміз келгені:

1) Қазірге уақытта кітап оқитын оқырмандарымыз азайып, ұялы телефонға қарайтын оқырмандарымыз көбейіп барады.

2) Екінші кітап оқуға сүйіспеншіліктерін арттырып, ұялы телефонның зиянды екенін көрсету. 6) Коробканың ішінде «Сүйікті оқырманымның фотасы бар». Коробканың ішінде айна бар. Оқушылар айнадан өздерін көреді.

«Ғ. Мұстафиннің туғанына 120 жыл», «Бір апта-бір кітап» оқыған кітаптарынан тест, «Тәуелсіздік шыңдары» кітаптар көрмесі, «Д. Исабековтің туғанына 80 жыл», «Қалың қалай оқулық?» атты мектеп оқушыларының оқулықтарына рейд жүргізді.

Үшінші тоқсан бойынша: «Қаңтарда туған қаламгерлер», «Кітап – өмір ұстазы» буктрейлер, «Менің отбасым және кітап», буккросинг (кітап алмасу) «Сырлы да, сұлу суреткер» атты Ә. Нұршайықовтың өмірін, шығармаларын таныстырды, «Кітап беттеріндегі мамандықтар, Профессий книжных старницах» кітаптар көрмесі, «Кітапханаға кітап сыйла» атты акция, «Жырлайды жүрек» М. Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы, «Ауғанстан соғысы, Афганская война» көрме өтті. «14 ақпан — Халықаралық кітап беру» күніне орай «Кітапханаға кітап сыйла!» акциясы, «Мен және заң», «Мен туралы Заң, Мен Заң туралы» тақырыбында кітаптар көрме, «Оқушының құқықтары мен міндеттері» тақырыбында көрме және сұрақ-жауап, 1 «а», 1 «б» сынып оқушыларымен үзіліс уақытында ертегі кітаптар оқу, алғыс айту күніне «Қазақ еліне тағзым» көрмесі, «Тарих бетіндегі әйел

бейнесі» атты кітаптар көрмесі, «Наурыз достарды жинайды» тақырыбында кітаптар көрмесі, Оқушылардың көктемгі демалыстан келгеннен кейінгі оқулықтарын тексеру, Ғ. Мүсіреповтің туған күніне кітаптар көрмесі. Төртінші тоқсанда: Оқу сауаттылығы апталығында «Селфи с книгой» байқау», «Құстар біздің досымыз» атты кітаптар көрмесі, «Ғарышқа түрен салған қыран қазақ» атты ғарышкерлер күніне бейнебаян, «Халықтар достығы –бірлікте» кітаптар көрмесі, 9 мамыр Ұлы Жеңістің 78 жылына кітаптар көрмесі тағы да басқа іс-шаралар ,көрмелер өтті. Сонымен қатар менің жетістіктерім мектептегі іс-шараларға қатысып ағылшын апталығында өткен мұғалімдер мен оқушылар арасындағы сайыстан 3 орын, «Жас мамандар» апталығында «Ең үздік жұмыс» номинациясын және Қарағанды қаласында «Сарыарқа»телеарнасында өткізілген «Ойөріс» интеллектуалдық сайысына «Арулар» тобы болып үш мұғалім қатысып алғыс хатпен марапатталдық.

Орындаған:

Кітапханашы:

 Сетерхан М.

Директор:

 Тауекелова А.Д.

